



**«Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
БІРТҮТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ: ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ
ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ НЕГІЗІНДЕ**

Қыркүйек айында өткізілге іс-шаралар есебі

Олжабай батыр ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде оқу жылының басталуына орай «Мектебім-мейірім мекені» тақырыбында алғашқы қоңырау мерекелік салтанатты жиыны болып өтті. Алғашқы қоңырау мерекесі 1-сынып бүлдіршіндері мен 11-сынып оқушыларын салтанатты түрде ортаға шақырумен басталды. Мерекелік іс-шараны мектеп директоры Назарбекова Сауле Ануарбековна мектеп табалдырығын аттап отырған бүлдіршіндерді, оқушылар мен ата-аналарды құттықтау сөзімен бастады. Сондай-ақ, 1-қыркүйек -Білім күні мерекесімен оқушылар мен мектеп ұжымын құттықтап ата-аналар сөз сөйледі. Салтанатты жиын оқушылардың мерекелік сазды бағдарламасымен жалғасты.



https://www.instagram.com/p/CwpSK1_tGuw/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

Тіл – ұлттың жаны, рухы, оның бет-бейнесі, өткені мен бүгіні және болашағы. Ғұлама ғалым А. Байтұрсынұлы: «Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады», - деп тілдің ұлт үшін қандай маңызды екенін бір-ақ ауыз сөзге сыйдырған. Әлемде жаулап алушы елдердің озбырлығынан, үстемдігінен қаншама тіл жоғалып кетсе, қаншама тіл жоғалудың аз-ақ алдында тұрғаны мәлім. Сондықтан қазіргі жаһандану дәуірінде аз ұлттар ұлыстар өз тілдерін қорғап қалуға барынша күш салуда. Қазақстан Республикасы қазақ тілінің ғана емес, Қазақстанда тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың тілінің дамуына барынша жағдай жасап отыр. Осы орайда жылда дәстүрлі мерекеге айналған Қазақстан халқы тілдері күні мектебімізде 05-16 қыркүйек аралығында «Мәңгілік ел-мәртебелі тіл» атты тақырыбында ұйымдастырылды. Онкүндіктің мақсаты: Шығармашылық ізденіс-білім беру сапасын көтерудің негізгі жолы.



<https://www.instagram.com/reel/Cw1kkj8NYHg/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

<https://www.instagram.com/reel/Cw1564INcK4/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>


<https://www.instagram.com/reel/Cw4p8NxtZo9/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Мың бала» мәдени- ағартушылық жобасын өткізу аясында 2023 жылғы 5 қыркүйекте қазақтың біртуар тұлғасы М.Жұмабаевтің 130 жылдық мерейтойына арналған жалпықазақстандық ашық диктант өтті. Мақсаты: мемлекеттік тілдің Қазақстан халқын біріктіруші фактор ретінде қоғамдағы рөлін нығайту.




<https://www.instagram.com/p/CwzLlymtTai/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Отбасы күні қарсаңында «Мен, сен, ол, біз бірге берік отбасымыз» тақырыбында таныстырылым өткізілді. Мақсаты: Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу.



https://www.instagram.com/p/CxDIE_TtHa/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==
<https://www.instagram.com/p/CxDQ9TgtrtC/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Талап тәрбие бағыты бойынша «Денсаулық – зор байлық» атты апталығын өткізу аясында «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде «Сергіту сәті» челленджі өтті.




https://www.instagram.com/reel/Cw7CkmlN_DH/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==

2023 жылғы 11.09-24.10 аралығында «Төрт тоқсан-төрт өнер» ұлттық мәдени-ағартушылық жоба аясында «Жас ақындарды анықтау» сайысы өтті.
<https://www.instagram.com/reel/CxIeAP5t1t-/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

Жол жүру ережесі

«Көше күтпеген оқиғаларға толы»

Мақсаты: Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру, барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу. 1- сынып оқушыларына жол жүру ережесі туралы мәліметтер айтылды.



<https://www.instagram.com/p/CxptlmNNPrg/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng=>

=